

**А.Р. ӘЛІПБАЕВ,**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*халықаралық қатынастар факультетінің доценті*

### **ЖАМБАТЫРОВА ГҮЛЖАУҒАР ШАҒАТАЙҚЫЗЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ**

Қазақстан Республикасы бүгінгі күні әлемнің көптеген мемлекеттерімен терезесі тең елдер қатарында қарым-қатынастарын нығайтып, даму үстінде. Сонымен бірге әлемдік, аймақтық халықаралық ұйымдарда тек мүше ғана болып қоймай, жетекшілік, төрағалық ету деңгейіне де жетті. Халықаралық қатынастардағы орын алатын қактығысты жағдайларды да бейбіт жолмен шешу қағидасына берік болып, мемлекетаралық ықпалдасу үрдісін өзінің шоқ жұлдызындай ұстанған мемлекеттердің алдыңғы қатарында. Тек осы саладағы бүкіл іс-әрекет, нақты дипломаттардың ерен еңбегінің жемісі екендігі хақ. Аталмыш саладағы мамандарды дайындау үдерісі де Қазақ еліне тәуелсіздікпен бірге келген жаңа лек еді.

Осы ретте азат мемлекеттің мәртебесін әлемдік деңгейде таныстыруға атсалысып жатқандардың бірқатары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінің түлектері екендігі даусыз. Факультеттің ашылғанына да бар-жоғы 20 жыл. Бүгінгі күні университеттің алды 80 жылдық тарихы бар факультеттерімен тең мәртебеге ие халықаралық қатынастар факультетінің қалыптасу, даму тарихы ҚазҰУ профессоры Жамбатырова Гүлжауһар Шағатайқызының есімімен тікелей байланысты. Сондықтан да, Гүлжауһар Шағатайқызының ғалымдығын, адами болмысын ғылыми зердемен парықтау – тарихи міндет.

Рас, оқырман назарына ұсынылып отырған қысқаша очеркте Жамбатырова Гүлжауһар Шағатайқызының бүкіл өмірін қамту және оларды түбегейлі саралап беру мүмкін емес. Алайда, тәлім-тәрбиеге толы аз ғұмырының негізгі түп-тамыры мен ұлағатты ұстаз ретінде қалыптасу жолына ден қоя отырып, жастарға жарқын бейнесін жеткізу осы еңбектің өзекті мақсаты.